



Қазақстан цифрлық майнинг бойынша Phoenix Group компаниясымен ынтымақтастықты нығайтады

Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев цифрлық майнинг және инфрақұрылым саласындағы жетекші жаһандық компания — Phoenix Group өкілдерімен кездесу өткізді. Бұл туралы министрліктің баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесуге Президент кеңесшісі Қуанышбек Есекеев, Президент әкімшілігінің өңірлік даму мониторингі бөлімі меңгерушісі Рустам Баялиев, вице-министр Сұңғат Есимханов, МЦРИАП жанындағы жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитетінің төрағасы Гиззат Байтұрсынов және Phoenix Group компаниясының техникалық директоры Алиреза Ардебили мен операциялық директор Омар Мохаммед қатысты.

Тараптар цифрлық майнинг саласындағы жобалар мен осы бағыттың Қазақстанда және өңірде дамуының перспективаларын талқылады.

Жаслан Мәдиев Қазақстан тарапының цифрлық майнингті дамытуға жоғары қызығушылық танытып отырғанын атап өтіп, бұл саланың елдің цифрлық экономикасы үшін стратегиялық маңызын ерекше атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар цифрлық майнинг саласында ұзақмерзімді ынтымақтастық орнатуға өзара келісімдерін білдірді. Бұл серіктестік цифрлық инфрақұрылымды нығайтуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстандық төрт оқушы жасөспірімдер арасындағы Балқан математикалық олимпиадасында ең үздік атанды

Солтүстік Македонияда жасөспірімдерге арналған Балқан математикалық олимпиадасы (JBMO) өз мәресіне жетті.

Қазақстан құрамасы жарысқа қатысу тарихындағы ең үздік нәтижесін көрсетіп, төрт алтын, бір күміс және бір

лицей-интернатының 9-сынып оқушысы; Мирас Кеңесбек — Қарағанды облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-сынып оқушысы.

Құраманың жетекшілері: Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мек-



қола медаль жеңіп алды. Командалық есепте 24 ел қатысушылары арасында біздің оқушыларымыз екінші орынды иеленді.

Жеңімпаздар: Ануар Ағыбаев — Алматы қаласындағы NurOrda халықаралық мектебінің 9-сынып оқушысы; Александр Олейников — Алматы қаласындағы NurOrda халықаралық мектебінің 9-сынып оқушысы; Жәңгір Булат — Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің 8-сынып оқушысы; Батырхан Бейғанов — Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің 9-сынып оқушысы; Нұртай Мәлік — Ақтөбе облыстық «Білім-инновация»

тебінің математика пәні мұғалімі Сергей Полянский және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері Перизат Саутбекова.

Айта кетейік, JBMO — 16 жасқа дейінгі оқушыларға арналған беделді халықаралық олимпиада. Қатысушы елдердің қатарында Албания, Болгария, Грекия, Румыния, Сербия және басқа да мемлекеттер бар. Қазақстан бұл додаға 2004 жылдан бері қатысып келеді және дәстүрлі түрде үздіктер қатарында. Өткен жылы Түркияда өткен олимпиадада команда 6 медаль жеңіп алған болатын.

«Созақ үні»-ақпарат.



«Amanat» партиясы 62 заңға бастамашылық етті

Мәжілістері VIII шақырылымының III сессиясында атқарылған жұмыс бүгін «Amanat» партиясы фракциясының жиынында қорытындыланды. Депутаттар «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысын, сондай-ақ халық қалаулыларының сайлаушылармен кездесу мақсатындағы өңірлерге сапарына дайындық мәселелерін талқылады.

Мәжіліс спикері, «Amanat» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов атап өткендей, өткен сессияда фракция мүшелері 62 заңға бастамашылық етті. VIII шақырылымда заң жобаларына барлығы 5 300-ден аса өзгертулер мен түзетулер енгізілді. Мәжілістің жалпы отырыстарында 626 депутаттық сауал жолданды. Бұған қоса бюджетті әрбір бекіту кезінде депутаттар өңірлерде инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін 1,5 трлн теңгеге дейін түзетулер енгізілуіне қол жеткізді. Осылайша, нақты сайлауалды уәделер қаржымен қамтамасыз етіліп жатыр.

«Amanat» партиясы Әділетті Қазақстанды құру жолындағы реформаларды жүйелі жүзеге асырып келеді. Осы үшін біз Мемлекет басшысының бастамаларына заңнамалық қолдау көрсетіп жатырмыз. Оның барлығы экономика өсімін қамтамасыз етуге және отандастарымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Жалпы, Мәжілісте қабылданған әрбір заң «Amanat» фракциясы депутаттарының белсенді атсалысуымен әзірленді деуге болады», деді ол.

Мәжіліс спикері депутаттар заң шығару жұмысы барысында мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауына,

оның ішінде ауылдарды ауысумен қамтамасыз ету, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалау, тұрғын үй қатынасын жетілдіруге баса назар аударғанын атап өтті. Бұған қоса жаңадан Бюджет, Су және Салық кодекстері қабылданды.

Е.Қошанов азаматтардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған партиялық жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударды. Атап айтқанда, «Жер аманаты» комиссиясы 12,5 млн гектар жерді мемлекет меншігіне қайтарды. Қарыз қамытын киген 500 мыңнан аса адамға «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында көмек көрсетілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, бұл жоба жалпыұлттық сипатқа ие болды. 2 мыңға жуық әкім «Әкімдер мектебі» арнайы жобасы аясында оқудан өтті. Партияның осы және өзге де бастамалары қоғамда кең қолдау тапты. Партия төрағасы атап өткендей, депутаттар мұның бәрін азаматтарға белсенді түрде түсіндіруге тиіс.

Өз кезегінде, Мәжілістері «Amanat» партиясы фракциясы жетекшісінің орынбасары Павел Казанцев былтыр партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жол картасы пункттерінің үштен екісі орындалғанын атап өтті. Мәселен, азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысы 20%-ға өсті, медициналық табыстан кедейлік шегін анықтау үшін жаңа есептеу жүйесі енгізілді, Қарағанды облысында кеншілер мен металлургтер үшін жеңілдікпен берілетін ипотеканың арнайы бағдарламасы іске қосылды, Батыс Қазақстан облысындағы 70 шалғай елді мекенге ин-

тернет тартылды, т.б.

Мәжіліс спикері фракция депутаттарына шекара маңындағы аудандарды, саяжай кооперативтерін дамыту мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу жұмысын жеделдетуді тапсырды. Олар келесі сессияда Мәжіліске енгізіледі.

Сонымен қатар ауылдық аумақтарды кешенді дамытуға, ауылдық жерлердегі білім беру, денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуға және инклюзивті ортаны қамтамасыз етуге бағытталған «Baquatty audan» пилоттық жобасының тәжірибесін бірқатар ауданда тарату жоспарланып отыр. Сондай-ақ депутаттар жастар жұмыссыздығы мәселесін шешу бойынша жеке жоба әзірлеуге ниетті. Бұл — әсіресе Жұмысшы мамандықтары жылы өте өзекті.

Жиын соңында Мәжіліс спикері өңірлерге алдағы сапар кезінде депутаттарға жүктелетін бірқатар міндетті айқындады. Сапар барысында депутаттар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарымен кездеседі. Сондай-ақ азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізеді. Шалғайдағы елді мекендерге ерекше назар аударылады. Халық қалаулылары жаңадан қабылданған заңдардың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін және олардың жергілікті жерде тұрғындар сұранысына қаншалықты жауап беретінін зерттейді. Сондай-ақ депутаттар жаңадан қабылданған заңдар туралы айтып, азаматтар көтерген маңызды мәселелермен танысады. Болашақта депутаттар сапар барысында жиналған барлық ақпаратты заң шығару жұмысы кезінде пайдаланады.



ҚОҒАМДА ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ИДЕОЛОГОЯСЫН ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӨНІНДЕ ФОРУМ ӨТТІ

Бүгін «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тәжырымдама» аясында форум өтті.

Шараны аудан әкімінің орынбасары Алтын Кунтуқызы ашып, жүргізіп отырды. Кездесудің басты мақсаты - құқықтық мәдениетті арттырып, тұрғындарға заңнамалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы азаматтардың заңға деген құрметін күшейтуге және тәртіпті сақтау мен құқықбұзушылықтың алдын алу.

Мобильді топ құрамында Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің офицері Мұхаммедали Аханұлы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Сотқа дейінгі тергеу басқармасының АМЖ тергеушісі Нұрбақыт Нысанбайұлы, Түркістан облысы ПД ЖПҚБ ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы полиция подполковнигі Мухтар Беркимбаевич және Созақ ауданы прокуратураның орынбасары Нұрсұлтан Талғатұлы болды.

Кездесуде алғаш сөз алған Нысанбек Мұхаммедали интернет алаяқтықтың бүгінгі таңда қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті. Ол азаматтарды бейтаныс сілтемелерге өтпеуге, өз жеке деректерін күмәнді тұлғаларға бермеуге, әсіресе қаржылық операцияларға сақтықпен қарауға шақырды. Сонымен қатар соңғы уақытта кең таралған «дроппер» деген алаяқтық схемасы туралы кеңінен түсіндіріп, бұл жүйеге қалай алданбауға болатынын нақты мысалдармен жеткізді.

БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай жергілікті журналистер мен осы салада ұзақ жылдар бойы еңбек еткен ардагер қаламгерлерді арнайы қабылдап, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Сіздер халықтың үнін, қоғамның тынысын, елдің аманатын жеткізетін жауапты әрі мәртебелі міндетті абыроймен атқарып келесіздер. Қай кезде де әділдік пен шындықтың жанында болып, ауданның дамуын,

жетістігін насихаттауда қосқан үлестеріңіз ерекше. Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін!» деді аудан басшысы өз сөзінде.

Қабылдау барысында «Созақ үні» газетінің қызметкерлері мен ардагер журналистерге құттықтау хат пен естелік сыйлықтар табыс етті.

Жиын еркін пікір алмасу форматында жалғасып, БАҚ саласын дамытуға қатысты ұсыныстар айтылды.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Сайланған әкімді тіркеу туралы СОЗАҚ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 46-баптың 3-тармағына 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 29 маусымдағы отырысында Қыземшек кенті әкімі ретінде:

1996 жылы туылған, Созақ ауданы Қыземшек кенті тұрғыны, «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясынан ұсынылған, ұлты қазақ **ӘБІЛ МАРС ЕРЛАНҰЛЫН** тіркеді.

Сайланған әкімге тиісті куәлік табыс етіліп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген азаматтардың бір бөлігі жұмыссыздық мәселесін көтерсе, бірқатары әлеуметтік мәселелерін жеткізді.

Қабылдау барысында аудан басшысы әрбір тұрғынның өтінішін мұқият тыңдады. Әр өтініш бақылауда болып, аяқсыз қалмайтынын атап өтті. Ал жұмыс сұрап келген азаматтардың мәселесін шешу үшін тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар, Құмкент ауылынан келген ауыл ақсақалдары ескі әкімдік ғимаратынан «Дәстүрлі ән айту» мектебін ашу жөнінде ұсыныс білдірді. Бұл мәселе



бойынша аудан басшысы қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндірді. Ғимаратқа жөндеу жұмыстарын жүргізіп, кейін ауыл қарияларына арналған орталық ашу мүмкіндігін қарастыратынын жеткізді.

Қабылдауға «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының атқарушы хатшысы Талғат Сейдахметұлы, сондай-ақ бөлім, мекеме басшылары қатысты.

АУЫЛДАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ІШКІ ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Аудан аумағындағы ауылдар мен елді мекендердің ішкі жолдарын жаңарту жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда Сызған ауылдық округіне қарасты Қайнар елді мекенінде

«Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы ұзындығы 8 шақырымға жуық Қайнарбұлақ, Әділбеков және Әметшеев көшелеріне асфальт жабындысы төселуде.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қайнар елді мекеніне ар-

найы барып, жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасымен танысып, жұмыс барысын бақылауына алды. Сонымен қатар, аудан орталығының да ішкі көшелерінде жүріп жатқан асфальт төсеу жұмыстарын назарға алды.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Құмкент ауылы мен Қызылкөл елді мекенінде жалпы ұзындығы 11,21 шақырым болатын көшелерге жаңа асфальт төселіп, тұрғындар игілігіне берілді. Сондай-ақ, Ақсұмбе, Сарыжаз, Шаға және Раң елді мекендеріндегі 6,51 шақырымды құрайтын ішкі көшелері де толық жөнделуден өтті.

Қазіргі уақытта ауданның басқа да ауылдары мен елді мекендерінде ішкі жолдарды жөндеу жұмыстары жалғасуда.

«ФУРМАНОВ» АЙНАЛМА КАНАЛЫНЫҢ МЕХАНИКАЛЫҚ ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Мойынқұм ауданындағы Фурманов су торабынан бастау алып, ұзындығы 120 шақырымды құрайтын «Фурманов» айналма каналын механикалық тазалау жұмыстары басталды.

Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес ауданнан арнайы құрылған жұмысшы топ қа-

жетті жабдықтарды толықтыру мәселелерін үйлестіріп, жұмыс барысын күнделікті бақылауда. Жұмысшы топтың құрамына Шу өзені бойында орналасқан ауылдық округтердің әкімдері мен су шаруашылығы саласының мамандары енген.

Тазалау жұмыстары нәти-

жесінде каналдың су өткізу қабілеті артып, Шу өзенінен ауданға су жеткізу процесі үздіксіз әрі тиімді жүзеге асады. Бұл жұмыстар экологиялық мақсатта су беруді жақсартуға да мүмкіндік береді. Жалпы «Фурманов» каналының су өткізу қабілеті – секундына 45 м3.



Қаратау ауылдық округі әкіміне үміткер Бахтыбаев Жігер Нұрланұлының сайлауалды бағдарламасы

Қадірлі жерлестер!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл – әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұң-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді. Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан. Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамды Қаратау ауылдық округі әкіміне ұсындым.

Маған сенім көрсетіп, ауыл әкімі қызметіне таңдаған жағдайда жергілікті қауымдастық мүшелерімен келісе, бірлесе отырып, әкім ретіндегі жұмысымның басты бағыттары төмендегіше болмақ:

Мәдениет және спорт саласы бойынша

1. Ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу, таланттарға қамқорлық жасау мақсатында әр түрлі тақырыптық байқаулар өткізіп тұру;

2. Ауыл халқын бұқаралық спортпен айналысуға қамқорлық жасау үшін спорт алаңшаларын, балалар ойын алаңдарын ашу;

3. Ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуына қамқорлық жасау. Онымен айналысатын ауыл тұрғындарын көтермелеп қолдау көрсету.

Ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласы бойынша

1. Ауыл шаруашылық саласында қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың ауыл аумағында іске асуына қолдау көрсету;



2. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету.

3. Шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету;

Жастармен жұмыс

1. Ауыл жастарының әлеуметтік сапасына талдау жүргізу; Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқуға жолдау, жұмыспен қамту;

2. Ауыл мәдениетін дамыту, материалдық-техникалық базасын көтеру арқылы жастардың өнер, спорт саласымен тиісінше айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, ұлттық мәдениетіміздің

ӨМІРБАЯН

Бахтыбаев Жігер Нұрланұлы 1995 жылы 27 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шу ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. Түркістан қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде Аграрлық техника және технология мамандығын және Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2017-2018 ж.ж. Ауыл шаруашылығы жөніндегі бас маманы, Созақ ауданының Қызмешек кенті әкімі аппараты, Созақ ауданы, Қызмешек кенті;

2018-2019 ж.ж. Бас маман, Созақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы;

2019-2021 ж.ж. Бас маман, Созақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы;

2021-2023 ж.ж. Бас маман, Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі, ТО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы;

2023 жылдан қазіргі уақытқа дейін ТО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде сектор меңгерушісі болып қызмет атқарады.

терең меңгеріп дамуына жағдай жасау;

Әлеуметтік сала бойынша

1. Атаулы әлеуметтік қолдау қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасын тұрақты назарда ұстау;

2. Жұмыссыз азаматтарды анықтап, олардың еңбекпен қамтылуына жағдай жасау, шағын немесе орта кәсіппен айналысуына ықпал жасау, қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы шешу және сонымен қатар тиісті мемлекеттік жәрдемді алуына көмек көрсету;

Медицина саласы бойынша

1. Медицина саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салу;

2. Ауыл тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттау, уақытылы медициналық тексерістен өтуін ұйымдастыру;

Тұрғын үй, коммуналдық салалар, жолдар. Елді мекендерді абаттандыру және көркейту-көгалдандыру.

1. Ауыз сумен қамтамасыз етудің санитарлық талабының мұқият сақталуын қамтамасыз ету;

2. Елді мекендердің санитарлық тазалығына, көгалдандырылуына, көшелерге тас төгу, асфальттау және жарықтандырылуын, абаттандырылуын кезең-кезеңмен жоспарлау;

3. Елді мекендегі негізгі көшелерге автотомобиль жолдарын және әлеуметтік нысандар орналасқан көшелерге жүргіншілер аяқ жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөндеуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

4. Келешекте газдандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін тұрғын үйлердің қажаттануын, мекен-жай тіркелімінің реттелуін ұйымдастыру;

Білім саласы бойынша

1. Жаңа білім беру реформасына сәйкес, мектеп және мектепке дейінгі мекемелер ұжымымен тығыз жұмыс жасау, жетістіктерін қолдап, қаттап отыру;

2. Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы байланысты нығайту; Балалар тәрбиесімен біліміне қатысты кез-келген шара ауыл әкімінің назарында болады.

3. Мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету.

Құрметті сайлаушылар!

Осы бағдарламаны жүзеге асыруға, мемлекеттің дамуына, халықтың әлауқатының артуына өз үлесімді қосуды ел алдындағы азаматтық борышым деп санаймын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!

Қаратау ауылдық округі әкіміне үміткер Естауов Саулет Әбіласанұлының сайлауалды бағдарламасы

Мен үшін ең біріншіден әкім болу – дегеніміз ауыл тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жиған тәжірибиемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жұмсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

1. Болашақ жастардың еншісінде екені бәрімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануға жағдай жасау.

2. Ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Жұмыссыз азаматтарға бос жұмыс орындарын ұсыну бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жетік жеткізу.

3. Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.



4. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жандарға атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалуын ұйымдастыру.

5. Округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар және осы ауылдан түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру.

ӨМІРБАЯН

Естауов Саулет Әбіласанұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2017 жылы Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ Қаратау ауылдық округі бойынша жастар ісі жөніндегі маман болып бастадым.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап «Қаратау ауылдық округі әкімі аппараты» ММ әскери есеп столы жөніндегі бас маман қызметін атқардым, 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қаратау ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де ауылдық округ әкімінің кеңесшісі, іс басқарушы болып қызмет атқарып келемін.

7. Адам үшін басты капитал – білім. Осы тұрғыда округтегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

9. Ауыл тұрғындарының демалыс уақытын ұйымдастыруға аса мән беретін боламын. Ауылдағы зейнеткерлер, қарттар, отбасылар, балалар мен жастар емін-еркін демала алатындай ауылдағы саябақтардың санын арттыруға, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға ықпал жасайтын боламын. Балалар ойын алаңшаларының

ашылып, футбол алаңдарының салынуына ықпал жасаймын.

10. Қоғамдық тәртіптің сақталуына, Округ аумағындағы қылмыстың алдын-алу үшін учаскелік полиция қызметкерлерімен тығыз жұмыс жасау.

13. Ауылымыздың жанында жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, ауылдың тұрмыс-тіршілігіне өндіріс орындарының пайдасын тигізуге жағдай жасау, өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл тұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды құқықтық қолдау.

14. Ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау. Жарықтанбай қалған көшелерді 100 пайыз толықтай жарықтандыруға, ауыл іштеріндегі көшелерге асфальт төсеу жұмыстарын ұйымдастырамын.

Құрметті Қаратау ауылдық округінің тұрғындары! Егер мен Қаратау ауылдық округінің әкімі болып сайланған жағдайда жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатта Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін!

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) берілетін төлемдердің мөлшері тұрақты әрі толық көлемде аударылатын жарналардың сомасына тікелей байланысты. Жеке шоттарға ай сайын аударылып отыратын жарналар инвестициялық табыс есебінен көбейеді. Сонымен қатар, олар

БЖЗҚ

Жеке кабинет-зейнетақы жинағыңызды бақылаудың ең қолайлы тәсілі

1998 жылдан бергі еңбек өтілін растайтын маңызды көрсеткіш болып саналады. Бұл өтіл зейнетақы жүйесіне қатысу мерзімінің ұзақтығын, сондай-ақ мемлекеттік

бюджет есебінен төленетін базалық зейнетақының мөлшерін есептеу үшін қажет.

БЖЗҚ зейнетақы жарналарының дұрыс және толық аударылуын, әсіресе, жарна-

лар жалақыдан ұсталып отырған жағдайда жіті қадағалаудың маңыздылығын ескертеді. Мұндай бақылау азаматтарға өз жинақтарының дұрыс қалыптасып

жатқандығына көз жеткізіп, болашақта лайықты зейнетақы алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде БЖЗҚ-да жеке шоты бар әрбір азаматқа enpf.kz ресми сайтындағы немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинетке еш қиындықсыз кіруге болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қаратау ауылдық округі әкіміне үміткер Шералиев Расылхан Нуралыұлының сайлауалды бағдарламасы

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Мен ауыл әкімі қызметіне үміткер болу себебім, ауыл тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету деп білемін. Егер мен ауыл әкімі болған жағдайда өзімнің жиған тәжірибиемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жұмсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

Ел ертеңі-Жастардың еншісінде екені бәрімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануға жағдай жасау. Жастардың ауылда тұрақтауына жағдай жасай отырып, ауыл халқының санын арттыруға, жұмыссыз азаматтардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жұмсау.

Ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Ол үшін әр бос орынға немесе жаңадан ашылған жұмыс орындарына ауыл жастарын алуға, бірінші кезекте ешбір мүшесі жұмыс істемейтін отбасыларды жұмыспен қамтуға күш салу.

Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.

Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тұл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жан-



дарға атаулы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

Ауылдағы кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар және осы ауылдан түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, кенттің мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым» акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізу.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кез-келген мекемеге кедергісіз кіріп, барлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуына ықпал ету;

Адам үшін басты капитал – білім. Осы тұрғыда ауылдағы білім беру ұйымдары-

ӨМІРБАЯН

Шералиев Расылхан Нуралыұлы 1995 жылы 16 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Таукент кентінде дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. Шымкентқаласындағы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті құқықмамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы:

06.2020-12.2020 жж. жастарпрактикасы, Таукенткенті әкімі аппараты, ТО, Созақ ауданы, Таукент кенті;

01.2021-03.2021 жж. Қоғамдық жұмыс, Таукент кенті әкімі аппараты, ТО, Созақ ауданы, Таукент кенті;

2021-2022 жж. Статист, Таукент кенті әкімі аппараты, ТО, Созақ ауданы, Таукент кенті;

2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін ТО, Созақ ауданы, Таукент кенті әкімі аппаратында әскери есеп столы жөніндегі бас маман болып қызмет атқарады.

мен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау және күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу.

Ауыл тұрғындарының демалыс уақытын ұйымдастыруға аса мән беретін боламын. Ауылдағы зейнеткерлер, қарттар, отбасылар, балалар мен жастар өмір-еркін демала алатындай саябақтардың салынып, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға ықпал жасайтын боламын. Балалар ойын алаңшаларының ашылып, баскетбол, футбол алаңдарының салынуына ықпал жасаймын.

Ауыл аумағындағы қылмыстың алдын-алу үшін учаскелік полиция қызметкер-

лерімен бірге мемлекеттік орган қызметкерлерінің де ат салысуына ықпал ету;

Жас мамандарды кентке тарту мақсатында, «Дипломмен – ауылға» жобасы арқылы ауылдағы білім беру, денсаулық сақтау және т.б саларға қажетті мамандар мәселесін шешу және жеке кәсіп ашуға ниет еткен тың идеясы бар азаматтардың мемлекеттік тұрғыдан берілетін қаржылай қолдауға қол жеткізуін қамтамасыз ету, және сол арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне жол ашу.

Ауданымызда жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауылтұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды құқықтық қолдау.

Ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

Мектеп оқушыларына арнайы жаяу жүргіншілер жолын салу. Балаларға арналған ойын алаңдарын жаңарту.

Сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбешілікті қалыптастыруға атсалысамын.

Осы жұмыстарды іске асыру үшін ауыл әкімінің бюджетін молайтып, оны қауымдастық жиналысымен келісе отырып тиімді жоспарлап, мақсатты жарата білу маңызды. Сондықтан ауыләкімінің күнделікті басты жұмысы болып табылатын салық және салық емес түсімдерді көбейту, түсім көздерін іздестіру, менің тиянақты айналысатын ісім болады. Қауымдастық мүшелерін жергілікті өзін-өзі басқару саласына жұмылдыра отырып, ауылдың өркендеп дамуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсара түсуіне бірге қол жеткізетін боламыз!

Сіздердің қолдауларыңызға сенім арттамын!

АУДАНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙТА ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ІС-ШАРАЛАРЫ ӨТТІ



калық драма театрында «Хат тасушы» спектаклін тамашалады. Театр көрінісі олардың мәдени дүниетанымын арттырып, рухани демалыс сыйлады.

Ашық диалог және кітап сыйлау

Іс-шара аясында қатысушыларға Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабы арнайы қап-тамада сыйға тартылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, кітап оқу арқылы азаматтар өз

өміріне жаңа көзқараспен қарауды, жауапкершілік пен өзін-өзі дамытуға ұмтылуды үйренеді.

Экскурсия мен театрға барған күні қатысушыларға қоғамдық тамақтан-дыру орындарында түскі ас берілді, сондай-ақ жолға қажетті минералды сулар үлестірілді.

Екінші толқын-киноға бару және тарихи таным



Жобаның екінші толқынында да 12 адамнан құралған топ Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығына экскурсия жасады. Бұл жолы тарихи ескерткіштермен қатар қатысушылар заманауи кинотеатрда фильм көріп, сергіп қайтты.

Мәдениет пен заманауи өнердің ұштасуы қатысушыларға жаңа әсер сыйлап, әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Қатысушыларды қолдау

және ынталандыру

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жобаның басты мақсаты – пробация қызметі есебінде тұрған және түрмеден босап шыққан азаматтарды оқшауламай, керісінше қоғамға бейімдеуге, мәдениетке тартуға, олардың өзіне деген сенімін арттыруға ықпал ету.

«Біз бұл азаматтарды мәдени-танымдық ортаға тартып, олардың рухани дамуына жағдай жасауды көздедік. Әр экскурсия, спектакль немесе фильм – тек серуен емес, олардың бойындағы жақсы қасиеттерді оятатын маңызды құрал», – дейді «Серғали-Түркістан» аймақтық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Шолпан Усманова.

Аудан көлемінде өткен бұл мәдени-танымдық іс-шаралар қоғамға қайта оралған азаматтардың болашағына сенім сыйлап, олардың әлеуметке толыққанды мүшесі атануына жол ашты. Осындай игі бастамалар арқылы Созақ өңірі әлеуметтік жауапкершілік пен бірліктің үлгісін көрсетіп отыр.

**«Серғали-Түркістан»
аймақтық
қоғамдық бірлестігі.**

Азаматтарды мәдени ортаға тарту

Іс-шара екі толқыннан тұрды. Бірінші толқында қатысушылар Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына экскурсия жасап, рухани маңызды орындармен танысты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Қылуат жерасты медресесі, Шығыс моншасы мен басқа да тарихи нысандарға сапар ұйымдастырылып, кәсіби экскурсовод толық ақпарат берді.

Сонымен қатар, пробация есебіндегі азаматтар Түркістан қаласындағы Сейітметов атындағы музы-



Бұл мақаламды жазуға түрткі болған қазыналы Қаратаудың тел өскен ұлы, алаштың ақтаңгер ақыны, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Маралтай ақынның қайынатасы Лесбекке арнап жазған «Бақсы» деген өлеңі еді.

*«Көргенге тал бойында ар бар аппақ,
Ей, құстар, Жаратқанды самға мақтап.*

Жыным бар... менің жыным келген кезде,

*Қақаман тұра қашар қалбалақтап
Сәбидің пәктігі бар күлісінде,
Перінің сыбдыры бар жүрісінде.
Қобыздың қияғында Айға іңкәр
Нұр болып жауады олар түн ішінде.
Мен өлсем нұрға айналып кетер үміт,
(Үміттің өлмейтінін өтем ұғып!)*

*Өмірге қайта келем, қайта туып,
Көктемгі гүлмен бірге көтеріліп.
Есте жоқ күз бе, әлде, көктем бе еді
Бір қыз бар өлең болып өлкені мені.*

*Тұрады ол ылғи маған қолын бұлғап,
Көгілжім көк түбінен көк перделі...
Сол қызды әлі күнге сүйемін мен,
Сол сезім бірге кетер сүйегіммен.*

Ойнайды отты айналып бір ор жылан,

*Уа, сол ма менің пірім, менің ием!??
Жын менен пері дұрыс сеніскенге,
Солардан жақын кім бар Жер үстінде.
Қолымды көкке жайдым «қақақулап»,
Рухтар тіл қаппады, періштем де...
Ор жылан бауыры күміс, сауыры алтын*

*Мен сені болдым жиі сағынатын.
Түсімде көрмей кетсем ұзақ уақыт,
Жанымды кім түсінер ауыратын.
Ор жылан кере құлаш алтын нұрлы,
Асыл таж, ақық тақыт-нарқы құнды!
Білсең айт ей, өлеңнің падишасы
Неге осы алтын деген салқын,
мұңды...», -деп келетін жыр жолдары
дененді селт еткізеді анық. Созақ
қазынаның көмбесі ғой. Қаза берсең
небір жауһар, үңгі берсең, небір
ғажайып дүниелерге кезігесің. Бұл
өлкенің құнарлы топырағынан ба,*

Жабаева Күміскүл Рысқұлқызына арнау

*Ақпан сол бір дүлей боран бораған,
Барымды алып, барымталап тонаған,
Көтті дей ме қайта оралмас келмеске,
Жер бетінде өзіне тең жоқ Адам.
Қалдым аппақ ақ түнекке жұтылып,
Күн де, Ай да қалғандай-ақ тұтылып.
Білем, Ажал салғанында қармағын,
Бұл фәниде кеткен жан жоқ құтылып.
Жан еді ғой періште, пәк көңілі,
Аллаға аян, берік оның сенімі.
Кісі хақын жемек түгіл бір жанды,
Ренжіткен емес еді өмірі.
Күтті әркез сәтін таңғы намаздың,
Ар-ұяты түсіндей ақ қағаздың.
Қабырғама батты қазаң, анашым,
Қалтыратты қалың қайғы аяз-мұң.
Қоштасарға кірген кезде үнсіз мен,
Маңдайыңнан иіскедім нұр сіңген.
Жаназаңа келген қауым өгіліп,
Үр қызындай жан еді деп күрсінген.*

Шакиза ЕСЕНҚАБЫЛОВА.

әулие, әмбие, бақсы, балгер, жауырыншылар мен сынықшы, көріпкелдер Теріскейде емсе көп болған. Солардың бірі - Теріскей өңіріне танымал бақсы, тірісінде-ақ әулие атанған Есенқабил бақсы. Есенқабил бақсы 1905 жылы Оңтүстікте Сауранбай аталатын жерде Батпақсу қонысында дүниеге келген. Кеңес одағы орнап, елді түпкілікті отырықшы елге айналғанға дейін Ыстының Ақмолдасынан тараған қауым ел Шу өңірін бойлап, Арқаға дейін қыстап, ал жазға салым осы Сауранбай өңірін жайлаған. Есенқабил өзіне жетерлік дәулеті бар, жеті атасынан бақсылық қонып, қасиет дарыған әулетте дүниеге келген. Үшінші атасы Айдаболға бақсылық нағашысынан беріліпті. Атақты Арқаға мәлім Қойлыбай бақсылығын жиені Айдаболға табыстаған екен дейді көнекөздер. Бақсылық Айдаболдан оның баласы Шыңбергенге-Мақанға, оның қызы Несібеліге-одан Түкібайұлы Есенқабилға-одан оның ұлы Лесбекке берілген. Бақсылық, қойқаптағы жындарды шақырып ауру адамды емдеу - екінің біріне берілетін қасиет емес. Бақсылықты ұстаған адамның жан дүниесі таза, ішкен асы



Имандылық ұялаған әулет

да, істеген ісі де, ойы да таза, адал болу керектігі-басты қағидат екенін айтып отыратын көнекөздер. Алдына ауырып келген адамның жазылмай кеткені кемде кем болғандықтан болар, тірісінде әулие атанған. Ал «Айдаболдың өзенді кері ағызғаны», «көл үстінде киіз үйді дөңгелетіп қарсы жағаға шығарғаны» сияқты тылсым оқиғаларын осы өңірдің шежірелі қарттары бертінге дейін аңыз қылған. Шудың жолбарысына қапылыста жалғыз кездесіп, алысып, қанжығасына байлап қайтқан Шыңбергеннің батырлығы мен қайраттылығын ата-әжелері ұрпақтарының құлақтарына құйып отырған. Батырлық пен бақсылық қанында бар Есенқабил өнерден де құралақан емес еді. Өле-өлгенінше қара домбырасын да қолынан тастамаған. Екі жанары солса да, көкірегіндегі күйді он саусағы шебер орындап беретін. Замандасы Сүгірдің күйлерін бабына келтіріп орындап отырады екен. Өзі шығарған әуендері болыпты. Жас кезінде ауыл арасында бірнеше рет айтысқа қатысқан. Қартайған шағында да батырлар жырынан үзінділер айтып, домбырасын шертіп жатады екен. Болашақ жары Рысқұлмен де 1940 жылы қайым айтыста танысқан көрінеді. Екеуі де сөзге шебер жан болыпты. Олар дін мен ділге балта шабылған алмағайып кеңес кезеңінде өмір сүрді. Намазын тығылып оқып, қобызын жасырын тартыпты. Кеңес кезінде қара қобыздың соңына шам алып түскендер аз болмаған. Есенқабил ата мен Рысқұл апа бірнеше жыл, зейнетке шыққанша Созақ ауданының «Қызыл ту» колхозында еңбек еткен. Екеуі де еңбек екіпінділері болған. Рысқұл Сүйіндік-

қызын қайындары «аға» дейді екен. Қара қылды қақ жаратын әділ, айбындылығынан шығар солай атағаны. Ал ауылдағы абысын-ажындары «көкжал» деп атаған. Рысқұл апамыз Ащысай маңында дүниеге келген. Әкесі Сүйіндік көзі ашық, көкірегі ояу жан болған. Үкімет жұмысында қызмет еткен көрінеді. 1927 жылдар кезінде жұмыс бабымен отбасын алып Ташкентке қоныс аударады. Бірақ көп өтпей-ақ Түркістанға сапарлап кетіп, жолда белгісіз жағдайда ажал құшады. «Хат танымайтын Хатша анам әкем мұрадай көрген көп қағазды отқа тапсырып қылды...» деп өкінеді екен Рысқұл апамыз. Рысқұл апамыздың өзі кеңес мектебінде алғашқылардың бірі болып оқып алты кластық білім алып, латынша хат таныған, үздік оқыған. «Үздік оқығаным үшін жыл соңында бәтіңке беретін» дейді екен. Әкесі қаза болған соң, артынан әкесінің інісі іздеп келіп жесір жеңгесін бала-шағасымен қайта еліне апарды. Үлкен ағасы Қасым комсомол комитетінде жұмыс істеген, Ташкентте оқуға қалады. Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқылардың бірі боп майданға кетіп, артынан «Ленинградқа қаза болды» деген қара қағаз келеді. Ал Рысқұл ары қарай оқуға ынтасы болғанмен, аурушаң анасын қимай, сол туған жері Ащысайда зауытта жұмысқа кіреді. «Сол жерде жұмыс істеп жүрген Есенқабилмен бір айтыста айтысып, танысқан едік» деген екен бір әңгімесінде. Рысқұл зерделі, шешен, парасатты жан еді. «Еңбек озы» деген бірнеше медаль, ордендері болыпты. Таң қылаңынан түн ортасынан ауғанша бесіктегі баласын арқа-лап жүріп, егін егіп, шөп шауып, түнімен соғыстағы жауынгерлерге қолғап тоқыған абзал аналардың қатарында болған. Ағайын арасындағы дауларды ерлермен тең отырып шешкен «Көкжал» апаның қасиетін кейінгілерді қай-

дам, өз замандастары білген. Әділдігіне, жомарттығына бас қойып, келіп жүгінетін болған. Есенқабил атамыздың алдын кесіп сөйлемеген, бабын жасап, шырағын жаққан. Есенқабилдың ұлы Лесбек 1942 жылы Ұлы Отан соғысының сұрапыл кезеңінде дүниеге келген екен. Еңбек озаттары болған ата-аналары Лесбекті алақандарына салып, еркелетіп өсіреді. Алайда әкешесінің қас-қабағына қараған есті тентек қаршадайында әкесіне жылқы бағысып, қолқанат болған. Түкібайдан Есенқабил мен Есенбек туған. Есенқабилға інісі Есенбектің үш перзентті Тілеш, Сияқыз, Лесбек тән боп өседі. Есенқабилдың кіндігінен тараған Қалдыбек пен Орынбасар жастайында қаза болған. Колхоз бастығы болып қызмет еткен Есенбек те өмірден ерте кетеді. Үш бала да Есенқабилдың қарауына қалады. Туа сала өз бауырына салып, өз баласы Орынбасармен қатар өсірген Лесбекті Есенқабил туған балам, өз ұлы шетінеген соң, жалғызым деп өсірген. Көзінің ағы мен қарасындай болған Лесбекті әскерге

жібергісі келмейді. Десе де ерке бала бір күні ата-анаға айтпай, әскери коммисариатқа өзі барып, ақырында Балтық теңіз флотынан бір-ақ шығады... Екі жылға қимай жүрген ұлдары сөйтіп үш жыл жыраққа жүріп Отан алдындағы парызын өтеп оралады. Сол кезеңдерде көлікті тізгіндеу, техниканы меңгеру ауыл жастарының біразына жаңалық болған. Лесбек те жүргізуші, «шопырлық» мамандықты игеріп, сол мамандықты кәсіп етіп, бірнеше жыл Құмкент, Шу кеңшарларында қызмет етеді. Республиканың түрлі аймақтарынан ауданға қажетті техниканы тасымалдайды. Өз кәсібін біліктілікпен атқарады. Бірнеше рет үкімет тарапынан марапатталады да. Ағайын, жора-жолдастар арасында, ел ішінде жомарттығы, мәрттігі, ақкөңілділігімен сыйлы болады. Бала көңіл, аңқаулығына қарап, жеңгелері «Қожанасыр» деп атаған екен. Анасы Рысқұл сияқты бетің бар, жүзің бар демей, барын ақтара салатын мінезі де болған. Әкесі Есенқабил «Лесбектің жүрегі таза, баладай пәк, атадан қалған бақсылық осыған қонады» деген екен әу баста. Өзі қайтыс болардан бірер жыл бұрын батасын беріп, қара қобызды ақжүрек ұлына аманат қып тапсырады. Лесбектің де алдынан дертіне дауа іздеп келген талай жан алғыс жаудырып қайтқан. Лесбек ағамыздың жары Күміскүл Рысқұлқызы Ащысай кентінде дүниеге келген. Ол отбасында әкеден ерте айырылып, анасы Ұлтуар үш қыз Аманкүл, Орынкүл, Күміскүлді және ағасы Қалмаханды бағып-қағып өсіріп жеткізген. Қос жұл Лесбек ағамыз бен Күміскүл апамыз қырық үш жылдан астам уақыт бір шаңырақ астында он перзентті дүниеге әкеліп бақытты күн кешті. Қазір әрқайсысы бір-бір отау, әрбірі жоғары білімді маман. Құдайға шүкір ұрпақтары бар. Қайсыбір жылы үлкен ұлы Мұрат жол апаты оқиғасында лапылдаған өрттен тайсалмай, басын бәйге-ге тігіп, сегіз адамның өмірін құтқарып ерлік жасады. Осы ерлігі үшін Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолынан «Ерлігі үшін» медалін алды. Шакиза қарындасымыз 1995 жылы үздік оқушы, олимпиада жүлдегері ретінде сол уақыттағы аудан әкімі Қуаныш Айтахановтың қамқорлығымен аудан әкімінің стипендиясын иеленді. Қазақ ұлттық университетін қызыл дипломға бітірді. Елге әйгілі Маралтай ақынның жан жары. Болат ініміз бүгінде Алланың қалауы болар, облыстық дін істері басқармасында абыройлы қызмет атқаруда. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы болар. Біз білетін имандылық ұялаған әулет осы.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.**



Діни білім және құқықтық жауапкершілік

Діни білім және құқықтық жауапкершілік-қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның діни сенімдеріне негізделген құқықтары мен міндеттерін реттейтін екі маңызды саланы білдіреді. Бұл мәселелер дін мен құқықтық жүйенің арасындағы өзара байланысты түсінуге көмектеседі.

Діни білім-адамның діни сенімдері мен тәжірибесін тереңдетуге, діни мәтіндер мен дәстүрлерді зерттеуге арналған білім саласы. Ол діннің негіздерін, рухани тәжірибелерді, діндарлықты және әртүрлі діни дәстүрлер мен ғұрыптарды түсінуге бағытталған. Әрбір діннің өзіне тән философиясы мен принциптері бар. Діни білім діннің негізгі қағидаларын түсінуге мүмкіндік береді. Діни білім жеке тұлғаның қоғамдағы құқықтары мен міндеттерін түсінуіне ықпал етеді, өйткені кейбір діндер өз адалдарын белгілі бір құқықтық нормаларға сай әрекет етуге шақырады.

Құқықтық жауапкершілік-жеке тұлғаның өз әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты заң алдындағы міндеттемелері мен жауапкершіліктерін білдіреді. Бұл құқықтық сала адамның іс-әрекетінің қоғамдағы және мемлекеттегі құқықтық нормаларға сәйкес келуін қадағалайды.

Діни білім мен құқықтық жауапкершілік арасындағы байланыс мынадай түрде көрінеді:

Кейбір діни нормалар мен құқықтық нормалар бір-біріне сәйкес келеді, мысалы, әділеттілік, адалдық, адам құқықтарын құрметтеу, бірақ олар әртүрлі көзқарастардан туындайды. Кейбір жағдайларда діни қағидалар мен мемлекеттің заңдары арасындағы қарама-қайшылықтар болуы мүмкін, мысалы, діни негіздегі заңдар адам құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты мәселелерді шектеуі мүмкін. Діни білімнің маңызды элементі болып, құқықтық жауапкершілікті түсіну және оны орындау болып табылады. Бұл дін мен құқықтың жеке тұлға өмірінде және қоғамда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Діни білімнің қоғамдағы маңызы зор, себебі ол адамға моральдық құндылықтар мен этикалық нормаларды қалыптастыруға ықпал етеді. Діни білім адамды өз әрекеттері мен шешімдерін жауапкершілікпен қабылдауға үйретеді. Қоғамдағы әртүрлі діндер мен сенімдер арасындағы үйлесімділік пен бейбітшілікті сақтау үшін діни білімнің мәні ерекше. Діни білім қоғамдық тәртіп пен үйлесімділікті сақтау үшін маңызды, себебі ол адамдарды өзара құрметтеуге, әділдікке және бейбітшілікті сақтауға үйретеді.

Діни білім мәдениет пен дәстүрлердің дамуына ықпал етеді. Әрбір дін өз тарихы, әдебиеті және философиясымен қоғамды қалыптастырады.

Құқықтық жауапкершілік көбінесе мемлекет пен қоғамның заңдары арқылы реттеледі, бірақ діни тұрғыдан да белгілі бір жауапкершілік сезімі бар. Көптеген діндер қоғамның заңдарын сақтауға, әділеттілікке және адам құқықтарын қорғауға шақырады. Діни білімнің құқықтық жауапкершілікке әсері адамдардың күнделікті өмірінде, еңбек құқықтары мен басқа да заңдық мәселелерде көрінеді.

Діни білім адамды өз іс-әрекетінің салдарын түсінуге және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді. Мысалы, кейбір діндер кедейлер мен мұқтаждарға көмек көрсету міндетін мойындатады, бұл азаматтық міндеттемелермен де сәйкес келеді. Діни білім мен құқықтық жау-

апкершілік арасындағы өзара ықпал адамның жеке және қоғамдық өмірінде көрінеді. Құқықтық нормалар мен діни ұстанымдар бір-бірімен қақтығысуы мүмкін, бірақ олар көбінесе адамның құқығы мен моральдық ұстанымдарын сақтау арқылы теңгеріліп отырады. Әрбір адам өз дінін таңдау құқығына ие болуы тиіс. Бұл құқық көптеген елдердің Конституциясында бекітілген. Алайда, құқық адамдардың діни сенімдерін басқаларға жүктеу немесе оларды қысыммен өзгерту сияқты әрекеттерге жол бермеуі керек.

Діни білім мен құқықтық жауапкершілік арасындағы байланыс-жеке тұлғаның қоғамдық ортадағы әрекеттерін реттеу үшін маңызды екі негіз. Діни білім адамның моральдық және этикалық нормаларды түсінуіне, ал құқықтық жауапкершілік қоғам мен мемлекеттің заңдарына сәйкес әрекет етуге бағытталған. Екі саланың үйлесімді дамуы қоғамдағы бейбітшілік, әділдік және тәртіпті қамтамасыз етеді. Діни білімнің қоғамда құқықтық тәртіпке ықпалы үлкен. Әрбір дін өз адалдарын моральдық ұстанымдарға, әділдікке және қоғамдағы жалпы тәртіпті сақтауға шақырады. Бұл діни қағидалар құқықтық жауапкершіліктің қалыптасуына маңызды әсер етуі мүмкін. Діни білім мен құқықтық жүйе арасында кейде қарама-қайшылықтар болуы мүмкін. Көптеген діндер адамзаттың жалпы құқықтары мен міндеттерін реттейтін қағидаларды қамтиды. Бұл қағидалар адамды қоғамда дұрыс әрекет етуге, қоғамның тыныштығын сақтауға және әрбір тұлғаның құқықтарын қорғауға шақырады. Діни білім адамды әділдікке, теңдікке және қоғамдағы басқа адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Бұл құқықтық жауапкершіліктің негізін құрайды, өйткені әрбір адамның тең құқылы екенін қабылдау қоғамдағы әділеттілікті сақтауға көмектеседі. Діни білім адамның моральдық нормаларын қалыптастыруға, ал құқықтық жауапкершілік оны нақты заңдарға сәйкес әрекет етуге үйретеді. Құқықтық жүйе мен діни қағидалар арасында белгілі бір үйлесім болған жағдайда ғана қоғамдағы құқықтық тәртіп сақталады. Діни білім азаматтық қоғамның дамуына үлкен әсер етеді, себебі ол қоғамдағы жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін түсінуге және әлеуметтік нормаларды орындауға ықпал етеді.

Діни білім адамның жеке емес, сондай-ақ қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуге бағытталған. Көптеген діндер қоғамдық қызметке, көмек көрсетуге, мейірімділік пен әділеттілікке шақырады. Діни қауымдар өз мүшелеріне құқықтық жауапкершіліктерді мойындатады, сондай-ақ қоғамның жалпы заңдарын сақтауға бағытталған. Діни білім бұл жерде қоғамды өзара құрметпен, әділдікті сақтай отырып дамытуға ықпал етеді. Діни білім мен құқықтық жауапкершілік-бұл жеке тұлғаның қоғамдағы орны мен ролін анықтайтын маңызды екі аспект. Діни білім адамды моральдық тұрғыдан тәрбиелеп, оны жауапкершілікке, әділдікке және қоғам алдындағы міндеттерін орындауға шақырады. Құқықтық жауапкершілік заң алдындағы міндеттемелерді орындауға негізделсе де, діни білім оны рухани тұрғыдан нығайтуға ықпал етеді. Осы екі сала арасындағы үйлесімділік қоғамда бейбітшілікті, әділеттілікті және тыныштықты сақтауға көмектеседі.

**Ұ.ТҮРСЫН,
заңгер маман.**

Жастар – қоғамның болашағы, ол тек физикалық тұрғыдан емес, рухани тұрғыдан да дамуы керек. Бұл тұрғыда теологиялық білімнің рөлі айрықша. Теологиялық білім жастарды тек діни тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ моральдық және рухани құндылықтарды түсінуге, этикалық мәселелерді шешуге бағыттайды. Бұл мақалада жастар мен теологиялық білімнің өзара байланысы, оның жастардың өмірінде қандай маңызға ие екендігі туралы сөз қозғаймыз.

Жастар мен теологиялық білім

Теология (грек тілінен аударғанда «Құдай туралы ғылым»)-діни сенімдер мен олардың құрылымын зерттейтін ғылым саласы. Бұл білім саласы адамның ішкі әлемін, оның әлемге, адамдарға, және Құдайға деген қарым-қатынасын анықтауға көмектеседі. Теологиялық білімнің жастар үшін маңызы өте зор. Біріншіден, бұл білім жастарға өздерінің діни және рухани тамырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, теология жеке тұлғаның этикалық ұстанымдары мен моральдық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманның жастарында діни білімнің алатын орны ерекше, өйткені олар интернет пен әлеуметтік желілер арқылы көп ақпаратқа қол жеткізе алады. Бірақ бұл ақпараттың сапасы әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан жастарға терең және ғылыми негізделген білім қажет. Теологиялық білім осы тұрғыда жастардың дұрыс бағытта тәрбиеленуіне көмектеседі.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен ақпараттық ағын жастардың рухани дүниесіне үлкен әсер етуде. Көптеген жастар өздерінің діни сенімдерін жетік түсінбей, тек қоғамдық пікірге сүйене отырып өмір сүреді. Теологиялық білім оларға өзін тануға, өздерінің моральдық құндылықтарын қайта қарап, рухани жетілуге ықпал етеді.

Теологиялық білімнің маңызды аспектілерінің бірі-адамның адамгер-

шілік қасиеттерін дамытуға бағытталған діни тәрбиенің болуы. Жастарды мейірімділікке, әділеттілікке, сабырлылыққа тәрбиелеу, оларды ішкі дүниесін тазартуға бағыттау – бұл барлық қоғамның өркендеуі үшін маңызды. Теологиялық білім жастарды дұрыс шешім қабылдай білуге, әділдік пен шындыққа ұмтылуға, қоғамдағы мәселелерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Теологиялық білім-жастардың тек жеке тұлғалық дамуында ғана емес,

қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілігін арттыруда да маңызды рөл атқарады. Бұл білім жастарды Құдайға деген сеніммен ғана емес, адамзатқа деген қамқорлық, қоршаған ортаға деген жауапкершілік сияқты құндылықтармен де таныстырады.

Бүгінгі таңда жастардың діни сенімдері мен философиялық көзқарастары қоғамның болашағына ықпал етеді. Теологиялық білім жастарға әлемдегі әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қатысты шешімдер қабылдауға көмектеседі. Қоғамдық игілікті ойлау, әділеттілік пен теңдік ұстанымдарын сақтау-бұл теологияның жастарға беретін тәрбиелік мәні.

Қорытындылай келе, теологиялық білім жастар үшін өмірдің мәні мен мақсатын түсінуге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға және қоғамда жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік береді. Діни білім тек сенім мәселесі ғана емес, ол жастардың тұлғалық және рухани дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Теологиялық білімді терең меңгеру арқылы жастар қоғамның әрі жеке тұлға ретінде қалыптасып, өзін-өзі жүзеге асыруға қадам басады. Сондықтан, жастарды теологиялық біліммен таныстыру мен тәрбиелеу-ұлттың болашағына жасалған маңызды қадам.

**Қ.МОЛДАБЕК,
Теолог маман.**

Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң

Қателесу-ол норма. Өмірде қателеспеген, жаза баспаған жан жоқтың қасы екені айdan анық. Алайда әрбір қателесуші пенде қатесін түсінген кезде, оны түзетуге асығуы, құлшынып тұруы өзінің келешегі үшін жақсы болмақ.

Адам баласы болған соң кез-келген істі кемеліне жеткізіп, мейілінше идеалды түрде жасауға тырысып бағатынымыз бар. Әрекетімізді жасап, артынан нәтижесін тез күткіміз де адамның табиғатында бар дүние. Бірақ бәрі біз ойлағандай керемет бола бермейтінін бірі түсінсе, бірі түсінбес. Адамның емес, Алланың қалауы болады деген осы шығар. Осыған қатысты «Сен асықты екен деп, Алла өмірін өзгертпес» деген Абай атамыздың сөзі бар.

Адам туылған сәтінен бастап жаман болып туылмайды. Адамның нашарлануына, жаман жаққа өзгеруіне көптеген себептер бар. Айта кетсек, біреуден немесе жақындарынан жәбір көруі, психиканы бұзатын фильмдер, видеолар қарап, оған еліктеулері, жат ағымдардың керемет өмірді уәде етіп насихаттауы секілді т.б. себептер бар. Өмірде қиыншылық көріп ескен адам, жарқын болашағы үшін кез-келген қадамға барады. Осыны пайдаланған жат ағым өкілдері діни түсінігі төмен, жат ағымға қарсы иммунитеті нашар адамдарға қаржылай қомақты қаражат ұсынып, қайтарымына жасырын қызмет атқаруын, өздерінің діни насихаттарын қарапайым халыққа жүргізуін талап етеді. Құрыққа түскен адамның санасын улап, «намаз оқымаған адам көпір, салт-дәстүр дінімізге қарама-қайшы» деген секілді сөздерді айтып, өзінің отбасына, жақын тума-туы-

старына және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен имам-ұстаздарға қарсы қояды.

Білмей жатып, анық-қанығына көз жеткізбей, кез келген ақпаратты тұтына беру түбі жақсылыққа әкелмейді. Тіпті темір тордың арғы жағына түсу қаупі бар. Мейілінше дереккөздерді дұрыстап зерттеп, рұқсат етілген сайттардан ақпарат алған жөн. Алла Тағала Құранның «Нахыл» сүресі, 43-аятында: «Егер білмессендер, білім иелерінен сұраңдар», – деп айтқан. Сондықтан, бір нәрсені түсінбеген жағдайда түсінгенше қайта-қайта сұрауға ұялмай, дұрыс ақпаратты білуге талпынған жақсы.

Жат ағымның жетегінде кеткен бауырларымыз түпкі ниеттерін түзеп, жақындарымен үзілген байланысты қайта жалғап, тура жолға түсуге ұмтылса көкірегінен ешкім итермесі анық.

Хадисте: «Нағыз мұсылман – өзгеге қолымен де, тілімен де зиян тигізбеген адам», – делінеді.

Пайғамбарымыздың «Барлық адам баласы қателесуші, қателесушілердің жақсысы тәубаға келгендері» дегеніндей және қазақтың «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тәяқ жоқ» деп айтқан қанатты сөзі бекерден-бекер айтылмаса керек. Жақсылық жасауда жарысатын, өзгеге және елдің пайдасы үшін игі істер атқаратын адамдардың болуы жарқын болашаққа жетелейді. Әрбір жан бақытты сәттерінің көп болуына, бақытты ғұмыр кешуіне әбден лайық!

**М.СЕРІКҰЛЫ,
Теолог маман.**

Борышкердің мүлкін өткізудің тәртібі

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 72-бабында «Борышкердің мүлкін өткізу кезектілігі» көзделген. Бұл бапта:

Жеке тұлғаның мүлкіне өндіріп алуды қолдану кезінде осы мүлкті өткізу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады делінген: бірінші кезекте – бірінші кезектегі қажетті заттар болып табылмайтын мүлік, бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, декор және жайластыру заттары; екінші кезекте – көлік құралдары, жылжымайтын мүлік (тұрғынжайдан басқа); үшінші кезекте – тұрғынжай.

Заңды тұлғаның мүлкіне өндіріп алуды қолданған кезде осы мүлкті өткізу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

бірінші кезекте – тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тікелей қатысы жоқ жылжымалы мүлік, оның ішінде дайын өнім (тауарлар), бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, декор және жайластыру заттары; екінші кезекте–тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тікелей қатысы жоқ жылжымайтын мүлік; үшінші кезекте–тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тікелей пайдаланылатын мүлік: өндірістік мақсаттағы жылжымайтын мүлік объектілері, шикізат, материалдар, станоктар, жабдықтар және басқа да негізгі құралдар.

Осы баптың ережелері кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның мүлкін өткізу кезінде оның жеке мүлкі мен кәсіпкерлік қызметте пайдаланатын мүлкі бойынша да қолданылады.

Өндіріп алуды қолданудың нысанасы-борышкер көпіл немесе міндеттемені қамтамасыз ету ретінде берген мүлік болған, не тыйым салынған мүлкті кезектілік тәртібімен өткізу атқарушылық құжат талаптарының толық орындалуына әкелмейтін немесе осы Заңда белгіленген орындау мерзімдерін ұлғайтатын жағдайда, мүлкті өткізу кезектілігі өзгертілуі мүмкін. Сот орындаушысы аталған мән-жайды борышкердің мүлкін өткізуге беру туралы қаулыда көрсетеді, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Алмас СЕЙТОВ,
Кентау қаласының ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің сот орындаушысы.

Жеке және заңды тұлғалардың назарына!

Ауыл шаруашылық зиянкестерінен қорғанаық. Аудан көлеміндегі ауыл шаруашылық алқаптарда ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері мен аурулары және арам өптер жылма-жыл егістік алқаптарда ауыл шаруашылық дақылдарына өзінің зиянды әсерін игізіп өнімнің саны мен сапасына зиянын тигізуде.

Негізгі аудан көлемінде тарған зиянды объектілерге: жергілікті саяқ шегіртке және шегіртке тектес зиянкестер, зиянды бақашық,мақсарының үлкен және кіші бізтұмығы, жоңышқа фитонимусы, алма жеміс жемірі,парша,долана жұлдызқұрты,алма күйісі, оидиум, қара сұлы және арамшөптер, олар; дала шырмалық, жатаған бидайық, кәдімгі қамыс т.б. объектілер жатады.

Бұл зиянды объектілер жылда ауа-райының ыңғайына байланысты көбейіп, азайып тұрады. Көбейіп экономикалық зиянды шегінен асқан жылдары ауыл шаруашылық дақылдарына едәуір зиян келтіреді немесе толығымен өнімді жойып жібереді.

Жоғарыдағы жағдайлар егістік алқаптарда анықталған кезде, ҚР2022 жылғы 3 шілдедегі №331-11 ҚР “Өсімдіктерді қорғау уралы ” Заңының 14-5 бабына сәйкес, қызметі объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтар фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге және саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол бермеуге міндетті, анықталған зиянды объектілерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын өз есебінен жүргізуі керек. Өңдеу жұмыстарын жүргізген кезде пестицидтер (ұлы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау керек. Қолданылған ұлы химикаттардың есебін фитосанитариялық есепке алуды жүргізуге және уәкілетті органға есептілігі табыс етуі қажет.

Бұл іс-шараларды жүргізбеген немесе уақытылы жүргізбеген жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 403 бабына сәйкес, жеке тұлғаларға-бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне-он,орта кәсіпкерлік, субъектілеріне-он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сондықтан, екен ауыл шаруашылық дақылдарының ысырабын болдырмай, мол және сапалы өнім алу үшін уақытылы зиянды объектілерге қарсы агротехникалық, химиялық өңдеу шараларын жүргізіп,өңдеу жұмыстарын жүргізген кезде арнайы қорғау құралдарын қолданып жүргізу керектігін, ұлы химикаттардың босаған ыдыстарды сатып алған мекемелерге немесе қазіргі уақытта Қостанай облысындағы арнайы ұлы химикаттардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру орнына өткізу қажет.

Ескерту: Химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізген жағдайда техникалық қауіпсіздік шараларын сақтап, арнайы сақтану құралдарын қолдану керек.

А.УАЛИЕВ,
Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Хабарландыру

«Аппак» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес, «2025-2027 жылдарға арналған» Батыс Мыңқұдық» кенішінің УГТП аумағында ПР және ВР магистральдық құбырының құрылысы “Аппак” ЖШС» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 07.08.2025 ж. сағат 11.30-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Сарыарқа көш.2адресіндегімәдениет үйінде өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі, қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша, қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы: «АППАК» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр ауылы, 051-квартал, №1 ғимарат. Тел/факс: +7 (72546) 61709 E-mail: rudnik@ appak.kazatomprom.kz

Жоаны әзірлеуші: “KAZ Design & Development Group LTD” ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(778) 5295050.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналас-тырылған, қосымша ақпарат алу үшін+7(778) 5295050 телефоны бойынша хабарласуға болады.

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - “Түркістан облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, aidarerkebai @yandex.kz.

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтына жолдай алады.

Объявление

ТОО «АППАК», в соответствии со ст. 95 Экологического кодекса РК,проводит общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство технологической дороги на территории УГТП рудника «Западный Мынқуду» на 2025-2027 гг ТОО «АППАК», расположенного в Сузакском районе Туркестанской области».

Слушания состоятся 07.08.2025г. в 11.30 ч. по адресу:Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекскаяп.а., п.Кыземшек, Дом культуры, ул. Сарыарқа 2. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор: ТОО «АППАК» Юр. адрес: Республика Казахстан, 161003, Туркестанская обл., Сузакский р-н, Карагурский сельский округ, село Каракур, квартал 051, сооружение №1. Тел/факс: +7 (72546) 61709 E-mail: rudnik@appak.kazatomprom.kz.

Разработчик: ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(778) 5295050.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайте по ссылке: <https://ndbecology.gov.kz/> и сайте УПР ТО, за дополнительной информацией обращаться по телефону +7(778) 5295050.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20. E-mail: aidarerkebai@yandex.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу <https://ndbecology.gov.kz>.

Кальян денсаулыққа зиянды ма?

Кальянның темекіден еш айырмашылығы жоқ. Оның құрамында зиянды шайырлар мен никотин бар, бір айырмашылығы-кальян ылғалданған және хош иісті.

Темекі шегу және кальян түтінін жұту процестері әртүрлі. Темекі шегу кезінде темекі жоғары температураның әсерінен күйіп кетеді, ал кальян жанбайды, ол баяу бықсып кетеді. Бірақ нәтиже екі жағдайда да бірдей-ағза никотинмен және зиянды қоспалармен уланады, темекі шегу кезінде ол тез жүреді, кальян шегу кезінде ол баяу жүреді. Темекі шегу кезінде никотин ағзаға жағымсыз әсер етеді. Дәлелденген факт, кальян темекі шегу кезінде адам бір, тіпті ең күшті темекі шегуден гөрі зиянды түтінінен 100-200 есе көп тұтынады, сондықтан кальян темекіден гөрі зиянсыз деген пікір қате оны ұзақ уақыт шегу одан да қауіпті.

Кальян шегетін адамның ағзасынан көміртегі тотығын ғана емес, сонымен қатар хром, мышьяк, қорғасын, карбоксигемоглобиннің, сондай-ақ котининнің жоғары концентрациясын анықтауға болады. Кальян шегу кезінде дененің улануы біртіндеп жүреді, әрбір жаңа ысталған кальянмен зиянды заттар жиналады, демалудың бұл әдісінің салда-

ры-жүрек, өкпе аурулары, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы, тіпті бедеулікке дейін әкелуі мүмкін. Кальян-бұл гигиеналық тұрғыдан қауіпті құрылғы, әсіресе, егер ол үлкен бас қосуларда қолданылса. Біредудің сілекейі ағзаға түсуден қорғаудың жеке құралы болып саналатын ауыз қуысын қолданған кезде, Сіз кальян түтінін өзіңізге тартқан кезде сілекейіңіздің бір бөлігі кальян түтігіне ғана емес, оның ішіне де енеді. Түтікше арқылы сілекей ағзаға енеді де, герпес, В гепатиті және басқа да қауіпті ауруларды жұқтыру қаупі бар.

Егер Сіз жай ғана серіктестікте болсаңыз да, бірақ кальянмен дем алмасаңыз да, кальянның пассивті шегушісі боласыз. Ол-ауада жүретін никотинді, азот пен көміртегі тотығын жұтып, денеге зиян келтіреді.

Кальян шегу, темекі сияқты, жүрек, өкпе, орталық жүйке жүйесіне зақым келтіретін күшті никотинге тәуелділікті тудыруы мүмкін.

Қорқор шегушідегі алғашқы алаңдатарлық белгілер-ентігу, жүрек аймағында қышу, жүректің ишемиялық ауруының дамуы.

Қорқоршыға Кальян оның түтіні хош иісті және өте жұмсақ болып көрінеді, бірақ өкпе-

ге енген кезде ол тіндерді қаты тітіркендіреді, қабыну ошақтарын тудырады, бұл кейіннен созылмалы бронхитке, жергілікті және жалпы имунитеттің төмендеуіне әкеледі. Көп жағдайда психикалық белсенділіктің күрт төмендеуі байқалады, физикалық тұрғыдан адам летаргиялық күйге түседі, ал ұзақ уақыт шегу кезінде жұмсақ гипоксия пайда болады. Сондай-ақ, үлкен мөлшерде шығарылатын көміртегі тотығы адамның жүйке жүйесіне қатты соққы береді.

Көбінесе, кальян шегушілер көз проблемаларына шағымданады, адамның көздері суланады, қышиды, ауырады, жылытпайда сезімі пайда болады, көру өткірлігі де төмендейді. Кальян түтіні көздің шырышты қабығының тез тітіркенуіне әкелуі мүмкін, бұл жағдайда көру мүшелері қызарады, адам қышуды немесе құрғақ көз синдромын сезінеді.

Бұл кальян қоспаларының адам денсаулығына теріс әсерінің бір бөлігі ғана.

Есіңізде болсын! Улану баяу жүреді және бірден сезілмейді. Өз денсаулығыңыз бен айналаңыздағы адамдардың денсаулығын қорғаңыз!

Д.ҚҰРМАНБАЕВА,
Созақ аудандық орталық ауруханасының СӨСҚ маманы.

Сексеуілді кесуге тиым салынады

Сексеуіл құмды шөлдiң қорғаны болып табылады. Олай дейтiнiмiз құмды бекiтiп ұстап тұрады. Сексеуiлдiң жас өскiндерi түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебi жас бұтақ жапырақтың қызметiн атқаратын болғандықтан құрамында малға қажеттi барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бiр жағынан азық болса, екiншiден суын. Сексеуiл шөлдiң тiрi қазба байлық болып табылады. Оның себебi отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмiрден кем түспейдi. Сексеуiл күлiнен сақар (тыңайтқыш) өндiрiледi. Сексеуiлдер қоршаған ортаның тепе-теңдiгiн сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерiн тоқтатады. Сексеуiлдердi қорғаныш ететiн жан-жануарлар мен жәндiктер қаншама. Әсiресе тұз тағылары киiктерге сексеуiлдер арасы өсiп өнулерiне өте қолайлы. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадiрлей бiлейiк.

Бекзат ӨТЕНБАЙ,
Созақ орман және жануарлар әлемiн қорғау мекемесiнiң орман күзетшi-қорықшысы.

Өртке абай болайық!

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуiл, қарабарқын сынды табиғат байлықтарын себепсiз отау болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгiлi. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесi адамзат баласы үшiн тiршiлiк негiзi –таза ауа екенi баршамызға белгiлi. Ол тек өсiмдiктер дүниесiнен бөлiнiп шығатын оттегi. Ал табиғаттың өзi берген орман, оттегiнiң көзi екенi де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлердi сақтап,ондағы өсiп-өнiп отырған аңдардың қадiр-қасиетiне жету сiз бен бiздiң борышымыз. Бүкiл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердiң өсiп, өнуiуiне қарсы қауiпсiздiк шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бiр мезгiл көңiл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар едi.

Нұрман ӘЛХАН,
Созақ орман және жануарлар әлемiн қорғау мекемесiнiң орман күзетшi-қорықшысы.

Шертпе күй мектебі керек пе?

Сүгір Әліұлы, Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Нұртай Жаңбыршиев, Атабек Асылбеков сияқты күй тарландары ғұмыр кешкен Созақ ауылына күй (музыка) мектебі керек-ақ. Осыны дұрыс пайымдаған кеңестік идеологтар өткен ғасырдың 80 жылдарының басында Сүгірдің отаны Созақ ауылында Сүгір Әліұлы атындағы музыка мектебін ашып, онда талапкер жастарға домбыра, фортепиано және рубак (өзбектің музыкалық аспабы) сыныптарында қаншама жастарды ән-күй өнеріне баулыды. Марқұм сазгер-өнерпаз Қыдырәлі Ахметов алғашқы директор болып тағайындалды. Сол мектеп ауыл-аймақтағы қаншама жастардың жолын ашты, өнерге баулыды. Сол мектепте тәлім алған Алтыбаев Талғат, Тапеев Мәди, Айтбаев Сәбит, Рашидов Бекзат, Мадияров Хамит, Мадияров Шермет және Нұржанбаева Гулнаралар білімдерін әрі қарай жалғастырып, осы саланың майталмандарына айналды. Осы мектепте домбыра өнерінен сабақ берген Жанғали Жүзбай тәжрибесін шыңдап, әрі қарай жоғарғы оқу орындарында сабақ бере бастады. Ол кісі қазір Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. 2025 жыл мамырдың 16 жұлдызында киелі Созақ жерінде өткен «Қазыналы Созақ-ұлт руханиятының негізі» атты конференцияға қонақ ретінде қатысып, екеуіміз қатар отырдық. Екеуара сұхбат кезінде 1997 жылы экономикалық дағдарыс кезінде қаржы тапшылығына байланысты жабылып қалған сол музыка мектебін сөз еттік. Жахаң мінберге шыққан кезде Қаратау шертпе күйінің негізін қалаушы Созақтың Сүгірдің өз ауылында музыка мектебін қайта ашу жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсынысты жиынға қатысушылар түгелдей қолдады. Өткенді қайта жаңғыртып, Сүгір атамыздың атындағы жаңа мектеп ашу-өлім, жұртым,-деген бүгінгі ұрпақтың төл міндеті. Жуық арада сол мектеп ашылып, алдында Сүгір атамыздың домбыра ұстаған ескерткіші М.Әуезовтың «Созаққа келсең күйшімін деме» деген сөзімен бедерленіп тұрса қандай керемет болар еді. Созақтың «Елім-деген ері» барда бұл арманымыз да орындалып қалар.

Кәмілжан РЫСМЕТОВ,
Созақ ауданының
Құрметті азаматы.

Мен Құлжабай Төлеуовпен 60-70 жылдары аудандық «Молшылық үшін» газетінде істеп жүрген кезеңде өте жиі араластым. Сол кездері «Құмкент» совхозынан жазбаларын редакцияға жиі алып келетін еді. Кейде, аудан орталығы Шолаққорғандағы жұмыстары бітпей қалса, біздің үйде қона жатып, ұзақ әңгімелесуші едік.

Ол өзінің қиын-қыстау өмір жолы жайында мұңдылау әңгіме қозғайтын. Мен қойын дәптеріме жазып отыратынмын.

Құлжекең Октябрь төңкерісінен алты жыл бұрын 1911 жылы Қаратаудың теріскейіндегі «Қызылкөл» маңында дүниеге келген. Алты айлығында анасынан, бір жасында әкесінен айырылып, жетім қалған ол, нағашысының қолында өседі. Жетім баланың тұрмыс тіршілігі белгілі ғой. Балалық шағы төрт түлік малдың соңында өтіп жатады.

Бір күні мал соңында мұңайып келе жатқан балаға Арқада Күнгейге беттеген керуеншілер кезігіп, мәнжай сұрасып, біршама әңгімелескен соң: «Шымкент қаласында жетім балаларға арналған арнайы мектеп бар. Сонда барып оқуыңа болады ғой, әлі жассың» деп ақыл-кеңес-терін айтып, біршама ойланар-



Тағы да, «Сөйлесті Қарт Қаратау ерлерімен, Әлі көп беретіні бергенінен»-деп алдағы болашаққа да зор үміт артады.

1959 жылы кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов жаңа романына ел арасынан тың деректі материалдар жинақтап, ауданды аралап жүрген сапарында, Құлжабай Төлеуовтің «Үміттің өлімі» атты дастанынан өз аузынан тебірене тыңдап, ұнатқанын жасыра алмайды.

Дастанда өрімдей жас қыз Үмітті қалың малға жығып, әйелі өлген қартаң шалға еріксіз қосақтауы, бас бостандығы үшін күрескен Үміттің ақырында ажал құшқан, жарқын бейнесі шынайы суреттелген. Болған оқиғаның ізімен жазылған бұл дастанның оқиғасы тартымды, желісі шымыр, тілі өте шұрайлы.

Ғлама жазушы Мұқаңның осы дастанды өте ұнатып ондағы оқиғаларды шығармашылық тұрғыда ширата түсіп, біршама өзгертулер енгізе отырып, «Алуаның ажалы» деген атпен өзінің «Өскен өркен» романына шеберлікпен енгізгені мәлім.

Айтыс ақындары жайлы ғлама жазушы Мұхтар: «Айтыс-майдан, айтысқан адамдар майданның жекпе-

Теріскейдің төл ажыны

лықтай ой тастайды. Жетімек қойшы бала олардан онда қалай барудың жөн-жосығын тәптіштеп сұрап алып, рахметін айтып қоштасады. Өмір ызғары жастай шыңдаған өршіл жас көп ойланбастан, сол күні түн қараңғысын жамылып, «Жөнелдім енді артыма қарамастан, бір торсық айран бар ала қашқан»-деп өзінің «Жетілген жетім» дастанында жырлағандай, шымкентті бетке алып, жаяу тартады. «Жетілген жетім» ақынның өмірбаяндық дастаны. Мұнда ол өзінің болмаған балалық шағы қалай өткенін тебірене жырлайды.

Ұзақ жолдан арып-ашып, шаршап-шалдығып жеткен жетімектің жолы болып, Шымкенттегі жетімханаға қабылданады.

Мен осындағы бастауышты үздік бітіріп, 1927 жылы өзім туып өскен Қызылкөліме хат танитын, сауаты ашылған азамат ретінде қайтып оралдым-дейді Құлжекең әңгіме арасында.

Созақ ауданы ол кезеңдерде негізінен мал шаруашылығымен, айналысатындықтан, сөзге шешен, бойында суырып-салма ақындық өнері бар Құлжабай аға алғашында қызыл Отаудың, одан соң автоклубтың меңгерушісі болып, қырық жылдай малшыларға мәдени қызмет етеді. Жаз жайлау, қыс қыстауда жүретін малшылар қауымы әркез Құлжабай ағаны құшақ жая қарсы алады. Ол өзінің суырып-салма ақындығымен, әуезді жырымен, өміршең термелерімен, әзіл-оспақ өлеңдерімен күн ұзақ Бетпақдаладағы мал соңында жүретін еңбек адамдарының көңілін көтеріп, қуанышқа кенелтеді, жігерін тасытып, іске құлшындырады.

-Менің басқаруымдағы автоклубтың іс-тәжірибесі кітапша, көрнекі құрал болып республика көлемінде басқаларға үлгі-өнеге ретінде кеңінен таратылды. Сол кездері КСРО мәдениет Ми-

нистрлігінің Қазақ ССР-ның Құрмет грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталдым. 1967 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденін омырауыма тақтым-деп ерен еңбегінің елеусіз қалмағанын да мақтаныш сезіммен жиі есіне алып отыратын еді Құлжекең.

-Суырып-салма, ақпа-төкпе, тосыннан тауып айтатын замандас аға-іні әріптестерім Көлбай Омаров, Айнабек Нысанов, Көпбай Әлімбетов, Желеу Жақыпов, Айтбай Белгібаев, Қалдыбек Әлімқұлов, Өмірсерік Қалдыбаевтармен айтысқан сәттерім, өмірімде өшпестей із қалдырған ұмытылмас кезеңдер еді-дейді.

Иә, Құлжекең айтса айтқандай Алғабас ауданының (қазіргі Бәйдібек) белгілі дүлдүл ақыны Айнабек Нысановпен айтысы 1958 жылы Шымкентте шыққан «Оңтүстік Қазақстан ақындарының айтысы» атты жинақта жарияланғаны мәлім.

Әр бұлбұл өз бағында сайрайды демекші, Құлжабай Төлеуов те өзі өмір сүрген ортаны жырлайды. Оған дәлел, ақынның өз өлеңімен аталған «Туған жерім- Созағым» атты кітабы 1991 жылы Алматы баспасынан жарыққа шықты. Бұл кітапқа ақынның әр жылдары жазған өлең жырлары, дастандары және айтыстары енген. Жинақтаған әрбір өлеңдерінде ақын Созақ ауданының береке-байлығын дәріптеп, ондағы еңбек адамдарының елеулі еңбектерін мадақтап жырлайды, жүрек сырын шертеді. Мәселен, «Еңбекте ерлік болмаса, келе ме табыс тегіннен», «Туған жерім-Созағым, мақтаныш етем сені мен» деп жырға қосады.

Сондай-ақ, қазыналы қарт, Қаратауға деген өзінің перзенттік махаббатын бірде «Қаратау туған жерім, топырағым, өзіңнен өсіп-өнген қолтумаңмын»-деп жырласа, енді бірде «Қаратау келді нағыз кемеліне, риза кен қопарған ел еріне» деп тебіренеді.

жектегі батырлары»-деп қалайша тауып айтқан десеңізші.

Шындығында аламан айтыс алаңындағы жекпе-жекте ақынның ақыны ғана шыдас берері айдан анық. Осы тұста Құлжекеңнің өзі де:

«Сырнайменен үн қосып асқақ әнім,
Төріне талай бардым астананың.
Облыста атанып халық ақын,
Айтысты да сан рет бастағанмын»-деп ағынан жарылады.

Сол кездерде өзімен тең түсетіндей адуынды қарсылас әріптесі, тапқыр да, ұтқыр ойларын тез тауып айта білетін Айнабек замандасын ерекше құрметтеп, жиі еске алып отыратынына өзіміз де куә болған едік.

Өзі туып өскен киелі Созақ ауданының тарихы, өсіп-өркендеуі, ондағы еңбек адамдарының еселі еңбектері, жеткен жетістіктері, халық ақыны Құлжабай Төлеуовтің өлең-жыр, толғау, дастандарының өзегі болды. Сондай-ақ, ақын өз шығармаларына жерсу, мекен-жайлардың тарихи атауларын арқау ете білді. Тасқа басылып, кітапқа жазылған Құлжекеңнің шығармаларынан әлі де талай ұрпақ тағылым алары даусыз.

Жетімдіктен жетілген халық ақыны Құлжекең жхбайы Орынкул жеңгеміз екеуі жеті перзент тәрбиелеп, олардан отыздан аса немере сүйген мәуелі бәйтеректей, мерейлі отбасы болды.

Құлжекең ағамыз 1995 жылы дүниеден өткенімен, шығармалары жерлестерінің, қалың оқырмандарының сүйіспеншілігіне бөленген. Халық ақынның есімі ұмытылмақ емес. Оның жарқын бейнесі соңғы деміне дейін өзі жырлап өткен Созақ жұртшылығының мәңгі жанында.

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Максат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЗЫБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3400 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев